

Салық зандарын бұзуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасында келісім жасау жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне өкілеттік беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 1715

Салық қылмыстарының алдын алу және тыю жөнінде Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының құқық қорғау органдарының арасында өзара іс-қимыл орнату және дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен, Әділет министрлігімен келісіп, Өзбек тарапымен алдын ала пысықталып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынған салық зандарын бұзуға қарсы күрес саласында ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Келісімнің жобасы мақұлдансын (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қатысуымен ұсынылып отырған жобага қағидатты сипаты жоқ өзгертулер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіп, Өзбек тарапымен қорытынды келіссөз жүргізу тапсырылсын.

3. Уағдаластыққа қол жеткен соң, осы Келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қойылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Салық зандарын бұзуға қарсы күрес саласындағы  
ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан  
Республикасы Үкіметінің арасындағы  
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі өз мемлекеттерінің заңдары мен халықаралық міндеттемелерін,

салық қылмыстары мен құқық бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және тыюға байланысты міндеттерді тиімді түрде шешіп өзара мұдделілікті басшылыққа ала отырып,

осы мақсаттар үшін құқықтық және басқа да мүмкіндіктерді пайдалануға зор маңыз бере отырып,

мынаған келісті:

#### 1-бап. Келісім мақсаты

1. Осы Келісімнің тақырыбы салық заңдарын бұзуға қарсы пәрменді күрес үйимдастыру мақсатында Тараптардың құзырлы органдарының ынтымақтастық жасауы болып табылады.

2. Осы Келісім азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық

көмек көрсету туралы қолданылып жүрген халықаралық келісімдерді қозғамайды.

#### 2-бап. Құзырлы органдар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін Тараптардың құзырлы органдары мыналар болып табылады:

Қазақ Тарапынан - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы;

Өзбек Тарапынан - Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті.

Тараптардың құзырлы органдарының ресми атаулары өзгерген жағдайда олар бұл жайында дереу бір-біріне жазбаша түрде хабарлайды.

#### 3-бап. Ынтымақтастық нысандары

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде мынадай ынтымақтастық нысандарын

пайдаланады:

занды немесе жеке тұлғалардың салық зандарын бұзуы туралы ақпарат алмасу; салық қылмыстары мен құқық бұзушылықтың алдын-алуға, анықтауға және тыюға бағытталған шараларды жүргізу мәселелері бойынша бірлесіп, іс-қимыл жасау;

жеке және занды тұлғаларға салық салуға байланысты құжаттардың тиісінше куәландырылған көшірмелерін беру;

ұлттық салық жүйелері туралы, салық зандарының өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпарат, сондай-ақ салық зандарын бұзуға қарсы күрес жөнінде әдістемелік ұсыныстар алмасу;

салық зандарын бұзуға қарсы күресте пайдаланылатын ақпарат жүйелерін жасау және олардың жұмыс істеуі жөнінде тәжірибе алмасу;

ынтымақтастық барысында туындаитын мәселелер бойынша қызметті үйлестіріп отыру, соның ішінде жұмыс топтарын құру, өкілдер, сарапшылар алмасу және кадрлар оқыту;

салық қылмыстары мен құқық бұзушылыққа қарсы күрес проблемалары бойынша ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу.

Осы Келісімді орындауга байланысты мәселелер бойынша Тараптардың құзырлы органдары бір-бірімен тікелей хабарласып тұрады.

#### 4-бап. Салық зандарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу

1. Салық зандарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу мына мәселелер бойынша жүзеге асырылады:

занды немесе жеке тұлғалардың салық салудан табыстарын жасыруы, бұл орайда салық зандарын бұзушылардың қолданылатын тәсілдері атап көрсетіледі;

занды және жеке тұлғалардың мемлекеттік және коммерциялық банкілерде шоттар ашуы, сондай-ақ занды және жеке тұлғалар жасаған салық құқығын бұзушылықтың нышандары анықталған және осы аталған мәліметтерді алмайынша кінәлілерді жауапкершілікке тарту мүмкін болмайтын жағдайларда қаражатының осы шоттар бойынша қозғалысы;

салық зандарын бұзған занды және жеке тұлғалардың табыстары және салынған салық мөлшерлері.

2. Осы баптың 1-бөлігінде атап өтілген ақпаратты беру сұрау салушы Тараптың зандарына және мудделеріне қайшы келмейтін жағдайда оны бір Тараптың құзырлы органы екінші Тараптың құзырлы органының сұрау салуы негізінде береді.

Егер Тараптар бірінің құзырлы органы өзінің қолында бар ақпарат екінші Тараптың құзырлы органы үшін ынта туғызады деп есептесе, ол ақпаратты өз бастамашылығы бойынша бере алады.

## 5-бап. Шаралар өткізу

Салық қылмыстары мен құқық бұзушылығын жасаған немесе оларды жасады деп күдік туғызған адамдар жөнінде осындай қылмыстар мен құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және тыю жөніндегі шараларды өткізу кезіндегі Тараптардың құзырлы органдарының өзара іс-қимылды күш пен құралдарды бірлесіп жоспарлауды, пайдалануды, осы шараларды өткізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтиды.

## 6-бап. Құжаттар көшірмелерін беру

Тараптардың құзырлы органдары занды және жеке тұлғаларға салық салуға қатысты құжаттардың (шоттар, фактуралар, тіркеме қағаздар, шарттар, контрактілер, сертификаттар және басқа да қажетті құжаттар), сондай-ақ салық зандарын бұзушылықта қатысы бар мәселелер бойынша құжаттардың көшірмелерін бір-біріне сұрау салу бойынша береді. Көшірмелер өкілетті адамның қолымен және сұрау салушы құзырлы органның мөрімен куәландырылады.

## 7-бап. Құқықтық сипаттағы материалдар алмасу

Тараптардың құзырлы органдары ұлттық салық жүйелері, салық зандарындағы өзгерістер, қылмыстарға тергеу жүргізудің және салық зандары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің құқықтық негіздері жайында бір-біріне жүйелі түрде хабарлап тұрады.

## 8-бап. Хабар-ошармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзырлы органдары салық зандарын бұзуға қарсы күресті үйымдастыру кезінде хабар-ошар жүйесін құру мен оның жұмыс істеуі мәселелері бойынша әдістемелер мен ғылыми материалдар алмасып тұрады, өздерінің архивтері мен мәліметтер банкінде сактаулы ақпаратты осы Келісімге сәйкес бір-біріне тегін береді.

## 9-бап. Тәжірибе алмасу және кадрлар даярлауда көмек көрсету

Тараптардың құзырлы органдары өздерінің оқу орындарының негізінде кадрларды

оқытуда және қайта даярлауда, салық заңдарын бұзуга қарсы қурестің көкейкесті мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуде ынтымақтасты жасайды, сондай-ақ сарапшылар алмасып отырады.

Осы баптың шеңберінде ынтымақтастық жасаудың нақты нысандары және, атап айтқанда, оны қаржыландыру Тараптардың құзырлы органдарының арасында жасалатын тиісті келісімдермен айқындалады.

## 10-бап. Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға сұрау салу жазбаша түрде немесе телетайп, факсимилелік, яки компьютерлік байланысты пайдалану арқылы жіберілуге тиіс.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда телефон байланысы арқылы

берілген ауызша сұрау салу қабылдануы мүмкін, алайда ол дереке жазбаша түрде қуатталуға тиіс.

Телетайп, факсимилелік немесе компьютерлік байланысты пайдаланғанда, сондай-ақ сұрау салудың нақтылығы немесе мазмұны жөнінде құдік түа қалса, сұрау салушы құзырлы орган жазбаша түрде растама сұрата алады.

Сұрау салудың жазбаша нысаны құзырлы органның бланкасымен жіберіліп, оның елтаңбалы мөрі басылып, оған басшы қол қояды.

2. Ақпарат алуға сұрау салу:

сұрау салушы құзырлы органның атауын;  
сұрау салудың мән-жайы мен негіздемесінің қысқаша мазмұнын;  
сондай-ақ оны орындау үшін қажет басқа да мәліметтерді қамтуға тиіс.

Қылмыстық істер бойынша сонымен бірге:  
жасалған қылмыстың нақты егжей-тегжейінің сипаттамасы;  
жасалған қылмыстың жіктелуі;  
келтірілген нұсқаның мөлшері көрсетіледі.

## 11-бап. Сұрау салуды орындау

1. Сұрау салу 10 тәулік ішінде орындалады. Сұрау салынған құзырлы орган анықтап алу ретінде, егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажет болса, қосымша

ақпарат сұрата алады.

2. Сұрау салу бойынша көмек көрсету мүмкін болмаған жағдайда сұрау салынған құзырлы орган 10 тәулік ішінде себептерін көрсетіп, бұл жайында сұрау салушы құзырлы органға хабарлайды.

Сұрау салу мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нүқсан

келтіруі мүмкін болса, яки сұрау салынған құзырлы орган мемлекетінің зандарының негізгі принциптеріне қайшы келетін болса, оны орындаудан бас тартылады.

Сұрау салуды орындаудан бас тартудың себептері жайында сұрау салушы құзырлы органға жазбаша түрде хабарланады.

12-бап. Сұрау салуды орындау кезіндегі өзара іс-қимыл

Сұрау салушы құзырлы орган сұрау салынған құзырлы органның өкілетті өкілдеріне, егер бұл оның мемлекетінің зандарына қайшы келмесе, өз мемлекетінің аумағында сұрау салуды орындауға қатысуға рұқсат ете алады.

13-бап. Тілдер

Ақпарат алуға сұрау салу және оған жауап алу өзара келісім бойынша орыс тілінде жасалады.

14-бап. Ақпаратты пайдалану

Тараптардың құзырлы органдары салық қылмыстары мен құқық бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және тыюға байланысты мәселелерге қатысты ақпараттың құпиялышынына кепілдік береді.

Осы Келісімнің шенберінде алынған ақпарат осы ақпаратты берген құзырлы органның жазбаша келісімінсіз үшінші бір тарапқа берілмейді.

15-бап. Шығындар

Тараптардың құзырлы органдары өз мемлекетінің аумағында осы Келісімді

орындауға байланысты шығындарды көтереді. Қосымша шығындарды қажет ететін сұрау салу алынған жағдайда оларды қаржыландыру туралы мәселені Тараптардың құзырлы органдары өзара келісе отырып қарайды.

Тараптардың құзырлы органдары, егер олардың арасында басқаша жағдай келісілмесе, сұрау салуды орындау кезінде қажет болып қалуы мүмкін аудармашылардың қызметіне ақы төлеу жөніндегі шараларды бір-біріне өтеп отырады.

Жоспарланған кездесулер кезінде, егер басқа жазбаша уағдаластық болмаса, қабылдаушы құзырлы орган өз мемлекетінің аумағында басқа құзырлы органның делегациясын қабылдауға байланысты барлық шығындарды қамтамасыз етеді және төлейді, ал жіберуші құзырлы орган барлық іссапар шығындарын көтеріп алады.

Кезектен тыс кездесулер өткізгенде барлық шығындарды осы кездесулердің үйіткісі болған құзырлы орган көтереді.

#### 16-бап. Даулы мәселелерді шешу

Тараптар осы Келісімнің ережелерін пайымдауға немесе қолдануға байланысты туындауы мүмкін барлық даулы мәселелерді консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

#### 17-бап. Өзгертулер мен толықтырулар енгізу

Қағидаттық сипаты жоқ барлық өзгертулер мен толықтырулар осы Келісімнің жаңа редакциясына қол қою арқылы енгізіледі.

Қағидаттық сипаттағы өзгертулер мен толықтырулар ішкі мемлекеттік рәсімдер орындалғаннан кейін енгізілген болып есептеледі.

#### 18-бап. Келісімнің күшіне енуі және қолданылу күшін тоқтатуы

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалып, оған қол қойылғаннан кейін 30 күннен соң күшіне енеді және егер Тараптардың бірі оның күшін тоқтату жөніндегі өзінің ниеті жайында осы Келісімнің қолданылу күшінің тиісті кезеңі аяқталғанға дейін 6 айдан кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарламаса, өздігінен келесі 5 жылға үзартылады. 1995 жылы \_\_\_\_\_ қаласында екі дана етіп, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының      Өзбекстан Республикасының  
Үкіметі үшін                          Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК